

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Заклучение: За почти полвека развития настольно ролевых игр и конкретно дальневосточной мифологии в данном типе игр. Культура значительные изменения в восприятии, от стереотипного представления, основанная на популярной культуре страны, в которой создавались игр. От обывателя, для обывателя, таким образом не углубляясь в тему. До достаточно подробного, хоть и неточного исследования на тему дальневосточной культуры. Хоть и переусложненной в одних аспектах и чрезмерно упрощенной в других. В современном мире поддерживающим глобальную толерантность к чужим культурам, многие из ранних работ кажутся морально неверными. А современные авторы стараются лучше разбираться в теме, нанимая носителей культуры или знающих её, для уважительного отображения культур в своих играх. Таким образом, критика негативных аспектов дальневосточной и конкретно китайской культуры в настольно ролевых играх. В сочетании с неплохими продажами книг по данной тематики. Позволили современным авторам создавать свои новые игры опираясь на историю как самого жанра, так и на историю принятой культуры. Развивая общее качество и представляя культуру в лучшем свете.

Список использованных источников

1. Gygaх. G, Cook. D, Marcela-Froideval F (1985), Oriental Adventures. (Дата обращения: 10.02.2024).
2. Aaron Trammel, (2016), How Dungeons & Dragons appropriated the Orient, Analog Game Studies, Vol.9 No 1.
3. Myles Balfe (2004) Incredible geographies? Orientalism and Genre Fantasy, Social & Cultural Geography, 5:1, 75-90.
4. Achilli. J, Brucato. P (1998), Kindred of the East Rulebook (Дата обращения: 10.02.2024).
5. Ван Мо, Цун Линь, (2020) Структура семьи и традиции семейных отношений в китайской народной Республике в историко-социальном контексте, Социология, №4, стр 174-180.
6. Michael Butler, Dean Shomshak (2002), Sunset Empires, p. 49. (Дата обращения: 14.02.2024).
7. Янгутов Л.Е. Полемика о душе в религиозной традиции Китая // Вестник Санкт-Петербургского университета. Философия и конфликтология. 2019. Т. 35. Вып. 4. С. 674–685. <https://doi.org/10.21638/spbu17.2019.412>
8. Новый Акрополь (2022) Символ Инь-Ян http://www.newacropol.ru/alexandria/symbols/in_yan/ (Дата обращения: 15.03.2024).
9. "Sword World 2.0 Tokushū". Monthly Dragon Magazine: 82. April 2008.
10. Andrew Girdwood (2021), Free to Download: Indie Japanese TTRPG Emo-klore at: <https://www.geeknative.com/137986/free-to-download-indie-japanese-ttrpg-emo-klore/> (Дата обращения: 21.03.2024).

ӘОЖ 94(560): 328.32

ҚЫТАЙДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ

Нағышбекқызы Аяжан

ayazhannagyshbekkyzy149@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Биримкулова Г.У.

Соңғы жылдары ҚХР экономикасында, онлайн кәсіптерде, қаржылық технологиялар және өндіріс сияқты салаларда цифрландырудың қарқынды өсуі байқалады. Экономиканы

цифрландырудың орташа деңгейі дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда жақсы даму жолында. Цифрлық экономика адамдардың күнделікті өмірінде орын алатын ажырамыс бір бөлшекке айналды. Мақалада Цифрландырудың өсуінің саяси, экономикалық, әлеуметтік факторлары және Қытайдағы цифрландыру процесіне кедергі келтіретін мәселелер көрсетілген. Қытай Халық Республикасы технологиялық әлеуетті нығайтып, дамыған елдердің деңгейіне жетуді мақсат етіп отыр. Атап айтқанда, жұмыскерлердің біліктілігін арттыру мақсатындағы инновациялар мен бәсекелестікті қамтамасыз ететін жобаларды жетілдіру маңызды. Мақалада, Қытайдың цифрлық технологиясының даму тарихы мен ерекшеліктері айқындалған.

Цифрлық экономиканы тар және кең мағынада қарастыруға болады. Соңғы жылдары жаңа технологиялардың пайда болуы және тез таралуы цифрлық экономика туралы пікірталастың жаңа толқынын тудырды. Цифрлық экономиканың тар анықтамасы тек ақпараттық технологиялық коммуникациямен байланысты салаларға қатысты: телекоммуникациялар, Интернет, IT қызметтері, бұқаралық ақпараттық құралдары және т.б. Кең анықтамаға Ақпараттық Коммуникациялық Технологиялары (АКТ) салалары да, цифрлық технологиялар енгізіліп жатқан «дәстүрлі» экономика салаларының бір бөлігі де кіреді.

Экономиканы цифрландырудың жалпы деңгейі бойынша Қытай орташа орында тұр. Цифрлық экономиканың тар анықтамасына сәйкес Экономикалық Ынтымақтастық пен Даму Ұйымы (ЭЫДҰ) әдіснамасы бойынша Қытайдың цифрлық экономикасы Жалпы Ішкі Өнімнің (ЖІӨ) шамамен 6% құрайды. Оңтүстік Корея мен Жапонияда бұл көрсеткіш 8–10%-ға жетеді, өйткені бұл елдерде IT секторы дамыған және экономиканың тірегі болып табылады. Алайда, пандемия уақытында Қытай цифрлық технология бойынша біршама жетістіктерге жетті [1]. Дәлелдеп айтар болсақ, пандемия уақыты Қытай үшін цифрлық технологияны дамытуғы үлкен бір серпіліс кезеңін туғызды. Адамдар жұмыссыздықпен айналыспас үшін әртүрлі идеяларды жүзеге асыра бастады. Оның бірі, онлайн бизнес бастау. Онлайн технология адамдардың қаржылай жағдайын біршама көтеруден бөлек, әлеуметтік жағдайын да жеңілдетті. Толығырақ дәлелдемелер көрсетсек, теориялық тұрғыдан өнімділіктің жоғарылауына әкелді. Индустрияландыру кезеңінде тек капитал мен жұмыс күші ғана қарастырылып келсе, цифрлық дәуірде ақпарат көздері өндіріс факторларының біріне айналуға бастады. 2020 жылдың басында Қытай үкіметі «Цифрлық ауыл» пилоттық жобасының жоспарын жариялады. Бұл ел үшін «цифрлық Қытай» жолындағы жаңа қадам болды, оның ішінде мобильді интернетке негізделген экономиканың серпілісіне әкелген ішкі тұтынуды арттыруды ынталандыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануды жоспарға қойды. Қытайдың Интернет желісінің ақпараттық орталығының China Internet Network Information Center (CNNIC) мәліметтері бойынша, 2020 жылдың наурыз айында Қытай әлемдегі ең көп онлайн интернет жүйесін қолданушыларына (903 миллион) ие болды және олардың 99 % интернетке кіру үшін ұялы телефондарды пайдаланады [2]. Күнделікті өмірде адамдар өз уақытының жартысынан көп бөлігін ұялы телефондарында қолданады, одан бөлек, интернет желісінде кез-келген уақытта, жұмыс уақыты немесе үйде отыратын адамдар да әрдайым байланыста болады. Интернетте отырып жұмыс жасау қарапайым тұрғындардың өмірін жеңілдетіп, әлеуметтік жағдайын да көтеруге үлкен тұтқалы қол болды.

Қытайдағы көптеген адамдар, әсіресе ауылдық жерлерде, тұтынушының Интернетке бірінші рет кіруі көбінесе компьютерден қарағанда ұялы телефоннан кіреді. Зерттеу жұмысының негізгі ойына сәйкес, іс жүзінде фермерлер мобильді төлемдерді пайдалана отырып, цифрлық өмір салтын тез қабылдады. Әлеуметтік желілердегі хабар алмасу және төлемдер инфрақұрылымының дамуына байланысты, «Alibaba» және «Tencent» сияқты ірі платформалармен жұмыс істейтін фермерлер Қытайдың түкпір-түкпірінен келген тұтынушылар үшін үлкен көлемдегі сауданы оңай өңдейді және тіпті жаһандық нарықтарға шығарды. Цифрлық инфрақұрылымды модернизациялау шағын бизнес ретіндегі кәсіпкер фермерлерді цифрлық құралдармен қамтамасыздандыруды жалғастыруда. 2020 жылғы коронавирустық пандемия кезінде қытайлық шағын саудагерлер сатылымдарын арттырды. Азық-түлік желілерінде,

электронды коммерция арналары тікелей эфирде жергілікті өнімді сату үдерісі қарқынды айналымда. Бұл фермерлер үшін маркетинг саласын цифрлық технологияның түрлендіру процессін дамытуға қолайлы жағдай. Сонымен қатар, тікелей трансляция қытайлық тұтынушыларға жергілікті тұрғындар өсірген немесе өндірген өнімдерді көрсетудің жылдам және интерактивті әдісін ұсынды. G20 екінші тәсілді қолданады және цифрлық экономиканы «өндірістің негізгі факторы ретінде цифрлық білім мен ақпаратты, сондай-ақ қызметтің негізгі ортасы ретінде заманауи ақпараттық желілерді пайдалануды көздейтін экономикалық қызметтің кең ауқымы» ретінде қарастырады [3]. G20 елдері заманауи жаһандық цифрлық технологияның ерекшелігі экономикалық даму деп қарастырады. Алайда, цифрлық технологияның бірден таралуы кейбір мемлекеттерде ұзақ перспективада дамиды. Оған ең бірінші себеп халықтың цифрлық сауаттылығының орташа деңгейінде болуы. Онлайн бизнестер жүзеге асыру үшін халыққа цифрлық сауаттылық деңгейі керек. Дамушы мемлекеттерде ауылды цифрландыру үшін біршама қадамдар жасалды.

2017 жылдан бастап жергілікті атқарушы органдар құратын мемлекеттік қорлардың да, мемлекет қолдау көрсететін кәсіпорындардың да қызметі айтарлықтай кеңейді. Тек 2018 жылы олар аймақтық стартаптарға 1 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Бұл, әрине, коммерциялық ЖИ экожүйелеріне инвестиция тартуға көмектеседі. 2018 жылы Қытай алғаш рет мемлекеттік қорлардың белсенділігі арқасында инвестиция тартқан жасанды интеллект компанияларының пайызы бойынша Америка Құрама Штаттарын айтарлықтай басып озды, деп хабарлайды Sun Hung Kai Financial инвестициялық компаниясы. Қытайда бұл көрсеткіш 60%, АҚШ-та 41% болды. Қытай үкіметінің әрекеті оң нәтиже берді. Алайда, 2019 жылдың басына қарай мемлекеттік қаражат есебінен қолдау тапқан 991 жобаның бірде-біреуі сәтті аяқталмаған [4]. Мемлекеттің экономикалық дамуындағы шетел капиталының рөлі қаражаттың жетіспеушілігін өтеу. Ұзақ уақыт бойы Қытай экономикасының дамуын тежейтін негізгі фактор капиталдың жетіспеушілігі болды. Реформалау кезеңінде инвестицияның жалпы көлемінде нақты пайдаланылған шетел капиталының үлесі жыл сайын біртіндеп артып келеді. Екіншіден, халық шаруашылығы салаларының технологиялық дамуын ынталандыру. Он жылдан астам уақыттан бері тікелей шетелдік инвестициялар соңғы технологияларды енгізумен қатар жүрді, соның арқасында көптеген дәстүрлі қытай тауарлары жетілдірілуде, бірқатар салалардың өнімдері жаңартылуда, ескірген кәсіпорындар техникалық қайта қалпына келтірілуде. Шетелдік инвестициялар автомобиль өнеркәсібінің, электроника өнеркәсібінің және коммуникацияның жедел дамуына ықпал етті. Үшіншіден, ең жақсы басқару тәжірибесін қолдану. Шетелдік капиталды тарту және пайдалану Қытайға өнімдерді сатуды және қызмет көрсетуді ұйымдастыруды басқарудың прогрессивті тәжірибесін әкеледі және персонал мен қаржылық менеджментті жақсартуға ықпал етеді. Бұл жағдайда, жұмыс күшінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау ісі кең өріс алу үстінде.

2015 жылы басталған жаһандық ЖИ дәуірінде жоғары технологиялық алыптар болашағы зор стартаптарды сатып алу үшін бәсекеге түсуде. 2018 жылға қарай ЖИ кәсіпорындарының саны барлық саланың көлемін жақсы көрсетеді, ал қаржыландыру көлемі оның ландшафтының сапасын бағалауға көмектеседі. Вужэнь институтының есебіне сәйкес, қытайлық компаниялар 2016 жылға қарай инвестициялық қорлардан 2,6 миллиард доллардан астам қаражат алған. АҚШ көрсеткіші 17,2 миллиард долларды құрайды (2019, 2020 ж. Интернетті дамыту жөніндегі дүниежүзілік есеп). Алайда, 2017 жылдан бастап Қытайдағы ЖИ венчурлық капитал нарығының өсуі таңқаларлық болды. 2017 жылдың өзінде қытайлық ЖИ стартаптары жаһандық қаржыландырудың 48% алып, 38% алған АҚШ стартаптарынан асып түсті. Оның үстіне ол өз нәтижесін берді. 2018 жылдың соңында Қытай 2017 жылғы 9,41%-дан ЖИ технологияларының әлемдік нарығының 12,56%-ын құрады (Қытай Ұлттық статистикалық бюросы, 2019 ж.). Қытай нарығында жасанды интеллект жүйелерін құруға және пайдалануға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету мен жабдықтарды сатудың өсімі 52,4% құрады, бұл 5 млрд долларға сәйкес келеді

(Қытай Ұлттық статистикалық бюросы, 2019 ж.) [5]. Жаһандық экономикада дамуды қуып жету үрдісі қайтадан қарқын ала бастады. Шеткі елдер өнеркәсіптік өндірістің пайдасын алып, барынша өз тәжірибелерінде жүзеге асыруды бастады. Жоғары технологиялар саласындағы әлемдік көшбасшылардың үстемдігі әлі де сақталған, бірақ енді абсолютті болып саналмайды. Өнеркәсіптік экономиканың барлық жетістіктерін шебер пайдалана отырып, Қытай тез арада әлемдік көшбасшылардың біріне айналды, ұлттық экономиканың постиндустриалды жолда қалыптасуының негізін қалады. Дегенмен, 2019 жылы жаһандық экономикада жаңа үрдістер пайда болды. Бір жағынан, экономика жетекшілері шикізаттан, бірінші кезекте энергетикадан, тәуелділіктен бас тартуда. Екінші жағынан, төртінші өнеркәсіптік революция аясында өндірісті автоматтандырудың арқасында олар өздерінің өнеркәсіп саласын жандандыруда. Шеткі елдер көшбасшылармен, әсіресе Америка Құрама Штаттарымен өсіп келе жатқан технологиялық қақтығыстар фондында, әсіресе жасанды интеллект саласындағы инновацияларды көшіру және дамытудан бас тартуға мәжбүр.

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысында маңызды жеті мәселе қарастырылды. Біріншіден, цифрлық технологияның даму үдерісінің пандемия уақытында біршама артуы, халықтың әлеуметтік және қаржылай жағдайының көтерілуіне цифрлық технологияның әсері. Қытай Халық Республикасы қысқа уақыт ішінде кең ауқымды індеттен вирустың таралуын оқшаулауға және экономиканы қалпына келтіруге көшті. Қытайдың орталық үкіметі шығарған қатаң саясаттар мен ережелер COVID-19 инфекциясының деңгейін тұрақтандыруда үлкен рөл атқарды. Сонымен қатар, соңғы технологиялар мен бизнесті цифрландыру пандемияның таралуын азайтуда және қоғам мен бизнеске әсерін азайтуда маңызды рөл атқарды. Коронавирустық індеттің бастапқы сатысында тұрған елдер үшін Қытай тәжірибесі жергілікті үкіметтер мен компанияларға пандемияға қарсы әрекетті тездетуге көмектесетін құнды ақпарат көзі болып табылады. Үлкен деректерді талдау және робототехника сияқты технологияларды белсенді пайдалану тәуекелдің жоғарылау жағдайларын қадағалауға және анықтауға, адамдардың қозғалысын шектеуге, осылайша адамдар арасындағы байланысты азайтуға және вирус таралатын аумақты шектеуге мүмкіндік берді. Екіншіден, ауылды цифрландыру мәселесі. Мақалада, осы мәселенің тек Қытайда ғана емес, сонымен қоса, басқа мемлекеттердің мысалындағы жағдайды суреттейді. Ауылды цифрландыру барысында ұсынылған жобалар мен осы жобаны қолға алған компаниялар туралы да айтылады. Сонымен қоса, бұл жобаны ұйымдастыру барысында пайда болған біршама мәселелердің шешу жолдары ұсынылды. Мақалада Қытайдың қалаларынан, өнеркәсібінен, дамыған провинцияларынан басталған Қытай экономикасын цифрландыру үрдісі ауылға қалай тарай бастағаны көрсетілген. Төртіншіден, «цифрлық ауыл» жобасының жүзеге асырылу процессіндегі біршама қателіктер мен пайдалары айтылды. Бесіншіден, ЕАЭО мемлекеттерінің Қытайдан цифрлық технология бойынша алар үлгілері жайлы талқыланды. Атап айтқанда, экспорттаушылар, импорттаушылар, жеткізушілер, тұтынушылар, сәйкестікті растау органдары, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті органдары, стандарттау, аккредиттеу жөніндегі ұлттық органдар және басқа да ұйымдар туралы талқыланды. Алтыншыдан, инвестиция құю барысындағы венчурлық капиталдың маңыздылығы көрсетілді. Жетіншіден, білім беру технологиясының маңыздылығы, университет пен мектеп қабырғасында цифрлық технология бойынша мәселелерді шешу жолдары ұсынылды. Қытай үкіметі жетекші университеттерді әртүрлі елдердің жетекші мамандары мен оқытушылары үшін ең қолайлы және қолайлы жағдайлары бар жаһандық білім беру кластерлеріне айналдыруға бағытталған ұзақ мерзімді мақсаттарды қойды. Қытайдағы ең ірі жоғары оқу орындары инновациялық мәдениетті қалыптастыру және негізгі социалистік құндылықтары бар университеттік ойлаудың жаңа түрін құру мақсатын жариялады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қытай Халық Республикасы
https://datacommons.org/place/country/CHN?utm_medium=explore&mprop=amount&port=EconomicActivity&cpv=activitySource,GrossDomesticProduction&hl=ru (Есепке алынған күні: 15.12.2022)
2. CNNIC. <https://www.nsb.gov.bt> – интернет ресурсы (Есепке алынған күні: 15.12.2022)
3. G20 Digital Economy Development and Cooperation Initiative. <https://www.mofa.go.jp/files/000185874.pdf> (Есепке алынған күні: 25.12.2022)
4. SFC <https://www.sfc.hk/en/alert-list/725> – интернет ресурсы (Есепке алынған күні: 23.12.2023)
5. NSB <https://www.nsb.gov.bt> -интернет ресурсы (Есепке алынған күні: 25.12.2023)

ӘОЖ 330.342

ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Нурмагамбетова Бибижан Канатқызы

Bibizhan37@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - С.А. Тулеубаева

Әлемде энергия өндірудің баламалы әдістері қарқынды дамып келеді. Бұл тенденция экологиялық күн тәртібі мен қазба отын тұтынуы мен бағасының өсуінен туындаған энергетикалық дағдарысқа байланысты. Қазба отын бағасының өсуіне әлемдегі турбулентті әскери-саяси жағдай, атап айтқанда, Украина дағдарысы, сондай-ақ табиғи ресурстардың біртіндеп сарқылуы себеп болып отыр.

Парсы шығанағы елдерінде «жасыл» экономиканы дамыту мәселесі ерекше өткір тұр, өйткені ЖІӨ-нің елеулі үлесін мұнай экспорты құрайды.

Кесте 1. Парсы шығанағы мұнай қоры (2021) [1].

Мемлекет	Мұнай қоры (млн. баррель)
Сауд Арабиясы	258 600,0
Кувейт	101 500,0
БАӘ	97 800,0
Катар	25 244,0
Оман	5 373,0
Бахрейн	186,5

Бахрейннің мұнайы таусылып бара жатқанын айта кету керек. 2021 жылы ол тәулігіне шамамен 175 мың баррель өндірсе, Сауд Арабиясында бұл көрсеткіш тәулігіне 9 миллион баррельге жетті [2, 56.]. Дегенмен, бұл шағын патшалық ПШАМЫК (Парсы Шығанағы Араб мемлекеттері Ұнтымақтастығы) альянсының маңызды бөлігі болып табылады, өйткені оның экономикасы мұнай мен газды өңдеумен байланысты. Парсы шығанағының барлық елдерінде әртүрлі мөлшерде табиғи газ бар.

Кесте 2. Парсы шығанағы елдеріндегі табиғи газ қоры (2021 ж.) [3].

Мемлекет	Газ қоры (триллион текше метр)
Катар	24,7
Сауд Арабиясы	6